

"KazRailServices" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 24 маусымдағы № 191 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "KazRailServices" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 13 қарашаға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Тәттімбет және Шарықты ауылдық округі "Узекбурлы" жер учаскесінде орналасқан жалпы ауданы – 6617,8073 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "KazRailServices" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің
2026 жылғы "24" маусымдағы
№ 191 қаулысына
қосымша

"KazRailServices" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2025 жылғы 13 қарашадағы №3820-EL лицензиясы)

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Ахметов Максат Толеуұлы	09:133:052:211	3000,0000	645,7790
2	Тусупбаев Самаркан Муратович	09:133:054:064	2127,9040	509,1946
3	Мейрамбеков Бакибай Мейрамбекович	09:133:052:246	56,0000	23,3761
4	Мейрамбеков Бакибай Мейрамбекович	09:133:052:262	2033,0000	962,8567
5	Екпінтай Бақытжан Мейрамұлы	09:133:054:078	2925,1960	1036,4750
6	Ғалымжанова Әйгерім Есенболқызы	09:133:052:216	1711,0000	1124,1681
7	Жанбырбаев Жанболат Есманович	09:133:054:075	2752,0000	10,2922
8	"Қарқаралы ауданы Шарықты а/о әкімі аппараты" ММ	09:133:051:357	2294,8090	524,4386
9	Айтмұқан Әділет Бақытбайұлы	09:133:052:212	2556,0000	1489,3855
10	Айтмұқан Әділет Бақытбайұлы	09:133:052:180	3000,0000	286,8125
11	Шарықты а/о	09:133:052		5,0190
12	Тәттімбет а/о	09:133:054		0,0100
	Барлығы			6617,8073